



Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

# *Жаңа технологиялар:*

Ойын технологиясы.

Проблемалы оқыту технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Деңгейлік саралау технологиясы.

Жекелеп оқыту технологиясы.

Оқытудың компьютерлік технологиясы.

Презентациялар технологиясы.

Кезеңдеп оқыту технологиясы.

Жеке пәндік педагогикалық технология.

Альтернативті технологиялар.

Өзіндік дамыту технологиясы

Дамыта оқыту технологиялары

Авторлық мектептер педагогикалық технологиялары.

Модульдік оқыту технологиясы.



# Деңгейлеп-саралап оқыту әдістері

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы 1998-оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараевтың деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.



Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

- 1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;
- 2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- 3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

## **Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:**

- Топ оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы
- Білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы
- Оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы
- Оқушылардың оқуға ынтасы мен мамандығына деген қызығушылығының артуы
- Оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы
- Оқушы белсенділігінің оянуы
- Алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы
- Оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы

- **Г.Ғ.Еркибаеваның** деңгейлеп оқыту технологиясы жоғарыда айтқан ғалымдардан басқаша. Ол тапсырмаларды 3 деңгейге бөліп береді, бірақ оқушыларды білім деңгейге қарап 3 топқа бөледі.
- Бірінші топқа «4-5» -ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар береді.
- Екінші топқа «3-4» -ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға іздену түріндегі тапсырмалар дайындайды.
- Үшінші топқа «2-3» -ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға стандартқа сай тапсырмалар береді: сыныптағы барлық оқушылар орындай алуы қажет.

# Саралап оқыту технологиясы

Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.



# Интерактивті оқыту әдістерінің артықшылықтары қандай?

- ❑ Қатысушылардың қызығушылығын оятады.
- ❑ Оқу үрдісіне белсенді қатысқандарды мадақтайды.
- ❑ Көңіл-күйге бағытталады.
- ❑ Материалдардың тиімді игерілуіне мүмкіндік береді.
- ❑ Қатысушыларға көп қырлы әсер етеді.
- ❑ Кері байланысты жүзеге асырады (аудиторияның жауап беруі).
- ❑ Қатысушыларда өзіндік пікір, қатынас қалыптастырады.
- ❑ Мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал етеді.





## Оқытудың интерактивті әдістері және түрлері:

- қысқа дәріс
- топтық жұмыс
- визитерді шақыру
- ой шабуылы (шабуыл)
- имитация ойыны
- рөлдік ойын
- жағдайлық тапсырмаларды шешу
- сарапшы топтардың пікірталасы
- жоба жасау
- сұрау \*сұхбат \* сахналау
- жағдайларды ойнау
- қатысушылардың рөлінде болу
- триггерлік суреттерді талқылау
- сұрау–квиз (бақылау) және т.б.



# Белгілі педагог ғалым Г.К.Селевко педагогикалық ойындарды

төмендегідей жіктейді:

дене; интеллектуалдық; еңбек; әлеуметтік; психологиялық;

білімділік, тренингтік, бақылаушылық, қорытындылау; танымдық, тәрбиелік, дамытушылық; қатысымдық, диагностикалық, кәсіптік бағдарлық, психотехникалық.

пәндік; сюжеттік; рөлдік; іскерлік; иммитациялық; драмалық;

математикалық, химиялық, биологиялық, физикалық, экологиялық; музыкалық, театрлық, әдеби; еңбек, техникалық, өндірістік; дене шынықтыру, спорттық, әскери-қолданбалы, туристік, халықтық; қоғамтану, басқарушылық, экономикалық, коммерциялық

нәрселік-нәрсесіз; үстел үстінде, бөлмеде, көшеде ойналатын, жергілікті; компьютерлік, теледидарлық, ОТҚ; техникалық қозғалыс құралдарымен ойналатын ойындар деп жіктеледі



Оқытушы өзінің сабақ түсіндіріп жату процесін кез-келген уақытта тоқтатып, оқушылардан айтылып жатқан тақырыпты түсінгенін немесе түсінбегендерін сұрау. Бұл үшін ұстаз алдын-ала оқушыларға қолмен белгі көрсетулерді үйретеді. *Мен түсініп отырмын \_\_\_\_\_ және түсіндіре аламын.* (қолдын бас бармағы жоғары бағытталады)

*Мен әлі түсінбей отырмын \_\_\_\_\_* (қолдын бас бармағы жанына қарай жантаяды)

*Мен түсінгеніме сенімді емеспін \_\_\_\_\_* (қолды бұлғау)

Оқытушы белгілерге қарап кейбір оқушыларға орнынан тұрып айтуын сұрайды.

Түсінбегендерден: «Нақты не түсініксіз екендігін» сұрайды.

Сөз нақты түсінгендеріне сенімсіз оқушыларға беріледі.

Сөз сабақты жақсы түсінгендерге беріледі. «Олар нақты нені түсінді?» соны оқытушы қадағалайды. Бірнеше жауап міндетті түрде тыңдалуы тиіс.

Тыңдалған жауаптардың қорытындыларына қарай ұстаз өткен тақырыпты қайталап, білімдерін бекіту немесе тақырыпты меңгертуді жалғастыра беру жайлы шешім қабылдайды.

Егер оқушылар тақырыпты қайта түсінбегендей жағдайда болса, ұстаз тағы бір шағым тексеру

жұмысын жүргізуі тиіс. Бұл жұмыс оқушылардың тақырыпты түсіну барысындағы өзгерістерді

байқау үшін арналған.

# «20 секунд» әдісі

Ұстаз арнайы сұрақтар жасырады және ойлануға 20 секунд уақыт береді. Қолданылатын әдіс оқушылардың өз жауаптарын ой елегінен өткізіп, нақты жауап берулері үшін жасалынады. Бұл әдіс барысында сұрақ айтылып болған соң бірден алғашқы секундтардан кейін зерек 4- 6 оқушының жауабы тыңдалып, олардың тез ойлау қабілетін дамытады. Орта және жоғары сынып оқушыларына өз жауаптарын қағаз бетіне түсіртеді, себебі ауызша жауап берсе бір-бірінің ойын бөліп, бөгет жасаулары мүмкін.

Басқа да әдістер сияқты оқушылардың жауабын нақтылау үшін ұстаз « *Неге? Не себепті? Қалай?*»- деген сұрақтарды қояды. Ұстаз бұл сұрақтарды тек дұрыс жауап бермегендерге ғана емес, сонымен қатар дұрыс жауап бергендерге де қоюды естен шығармауы керек. Бұл оқушылардың білімі мен бағасын айқындай түсу үшін жасалынады.

# Әдістеме бізге Жапониядан келді

АҚШ-қа бұл әдістемені  
«Дзюгёкенкью»  
деген жапон сөзін  
«Lesson Study» деп  
аударған  
Макото Йошида әкелді

Yoshida, M (1999) 'Beyond  
reform: Japan's  
approach to  
improvement of classroom  
teaching' [Мектептегі  
оқытуды  
жетілдірудегі  
жапондық тәсіл] in  
Stigler and Hiebert  
(eds) *The Teaching Gap*



Lesson Study  
Lesson Study Жапония 1870 жыл

Networking




## XXI ғасырда американдық зерттеушілер :

«Lesson Study» жапон мұғалімдеріне педагогикалық білімімен қатар, өздерінің пәндік білімдерін де тереңдетуге көмектескенін; пәндік білімнің тереңдеуі жапондық оқушылардың, американдықтармен салыстырғанда, білім көрсеткіштерін жақсартуға ықпал еткенін (Stigler and Hiebert, 1999; TIMSS, 1999) білгеннен кейін,


«Lesson Study» әдістемесі Батыста да кеңінен таралды.

# Lesson Study қазіргі кезде:

□ Сингапурда



□ Гонконгте



□ Қытайда



□ Ұлыбританияда



□ Швецияда




□ Канадада қолданылады





# Lesson Study-дің ерекшеліктері



Жеке  
оқушылардың  
қажеттіліктері  
не қарап  
оқыту



Мұғалімдермен  
біріге отырып  
жұмыс істеу




# LESSON STUDY БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС ЕРЕЖЕСІ

5-6 адамнан тұратын топтарда өзіңіздің кәсіби мәнмәтінің аясында мынадай сұрақтарды талқылаңыз.

- Зерттеу сабағы бойынша мұғалімдердің бірлескен жұмысына ықпал ететін жағдайлар?
- Зерттеу сабағы бойынша мұғалімдердің бірлескен жұмысына бөгет жасайтын кедергілер?
- Зерттеу сабағы бойынша мұғалімдердің бірлескен жұмысына сіз қалай ықпал ете аласыз?

Өз топтарыңызда зерттеу сабағы бойынша бірлескен жұмыс ережесін жасап, осы ереже жазылған плакат шығарыңыздар.



**Lesson Study  
бойынша  
бірлескен  
жұмыс ережесі**

Бірминуттық эссе – тақырып бойынша пысықтаудың біржүйесі. Эссе жазу үшін мұғалім бірнеше сауал қояды. Бүгінгі білгеніңнің ең маңыздысы? Қай сұрақтар сен үшін түсініксіз? Сабақ соңында, келесі сабақта қай тақырыпты өтетіндігі жайлы хабарлайды



# Бағдаршам

Әр бір оқушыда бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылған.

Мұғалім олардың сабақты меңгергендеріне байланысты карточкаларды көтеруін сұрайды. Жасыл карточка көтерген оқушылар – барлығын түсінді. - Не түсіндіңіз?

Сары және қызыл карточка көтергендер: - Сіздерге не түсініксіз?

Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.



**Проблемалық оқыту** - оқытудың әдіс - тәсілдерін қолдана отырып, білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе.

**Проблемалық оқытудың ерекшелігі**- мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс.

**Проблемалық жағдаят**- субъектінің белсенділігіне негіз болып, ынталандыратын сыртқы жағдайлар жүйесі.

Проблемалық жағдаяттарды құрастыру әдістері:

- өмірлік жағдайларды пайдалану
- құбылыстарды түсіндіру
- пәнаралық байланыстарды түсіндіру
- міндеттерді (тапсырмаларды) ауыстырып отыру, сұрақтарды өзгертіп отыру
- фактілерді, әрекеттерді салыстыру және қарсы қойып салыстыру арқылы оқушыларды талпындыру, осының нәтижесінде проблемалық жағдаятты туғызу.

